

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support



CSS5530B

CSS5530G



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2	5 Бағдарламалық құралды жаңарту	15
Анықтама және қолдау	2	Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру	15
Қауіпсіздік	2	Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту	15
Өнім күтімі	3		
Қоршаған ортаны күту	3		
Сәйкестік	4		
2 Сіздің өніміңіз	4	6 Қабырғаға орнату	16
Негізгі бөлік	4		
Қашықтан басқару пульті	5	7 Өнім сипаттамалары	17
Қосқыштар	6		
Сымсыз сабвуфер	6		
Сымсыз қорап (қабылдағыш)	7	8 Ақаулықтарды жою	18
3 Қосылу және параметрлерді орнату	7		
Динамиктерді орналастыру	7		
Артқы динамиктермен жұптау	8		
Сабвуфермен жұптау	9		
Теледидарға жалғау	9		
Сандық құрылғыларды HDMI арқылы жалғау	10		
Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу	10		
Динамиктерді орнату	11		
4 Өніміңізді пайдалану	12		
Дыбыс деңгейін реттеу	12		
Дыбысты таңдау	12		
USB жад құрылғылары	13		
MP3 ойнатқышы	13		
Музыканы Bluetooth арқылы ойнату	13		
NFC арқылы Bluetooth қосу	14		
Автоматты күту режимі	15		
Зауыттық параметрлерді қолдану	15		

1 Маңызды ақпарат

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Егер нұсқауларды сақтамаудан зақым келсе, кепілдік қолданылмайды.

Анықтама және қолдау

Кеңейтілген онлайн қолдауын алу үшін келесі www.philips.com/support торабына кіріңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығы мен жылдам бастау нұсқаулығын жүктеп алу;
- бейне материалдарды қарау (тек кейбір үлгілер үшін қол жетімді);
- жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптарды табу;
- электрондық пошта арқылы бізге сұрақ жіберу;
- қолдау көрсетуші өкілдермен сөйлесу.

Тілді таңдап, өніміңіздің үлгі нөмірін енгізу үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз. Сонымен қатар, еліңіздегі тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласуыңызға да болады. Хабарласу алдында, өнімнің моделі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өнімнің артқы немесе астыңғы жағынан таба аласыз.

Қауіпсіздік

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.
- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз.

Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы түр тақтасында көріңіз.
- Өнімді розеткаға қоспай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Қабырғаға ілінетін өнімдерді тек жинақпен берілген қабырға кронштейнімен іліңіз. Қабырға кронштейнін өнім мен қабырға кронштейнінің салмағын ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыңыз. Gibson Innovations компаниясы апатты, жарақатты немесе зақымды тудыратын қабырғаға дұрыс орнатпау үшін ешқандай жауапкершілікті алмайды.

- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алмас үшін және зақымданбас үшін абайлап ұстаңыз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде он сантиметр орын қалдырыңыз. Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қаупі!

- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртек және сілті, т.б.).
- Батареяны қайта қате салса, жарылыс қаупі туындайды. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареялардың заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Өнімде/қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.

- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қаптамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



Өнім күтімі

Өнімді тек ұсақ талшықты шүберектермен тазалаңыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау
Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Сәйкестік

CE 0560


Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуға болады.

2 Сіздің өніміңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Негізгі бөлік


Бұл бөлімде негізгі құрылғыға шолу жасалады.



- ① **φ**
Бұл өнімді қосыңыз немесе күту режиміне ауыстырыңыз.
- ② **Дисплейлі панель**
- ③ **Күту режимінің көрсеткіші**
Бұл өнім күту режимінде кезде, күту режимінің көрсеткіші қызыл түске айналады.
- ④ **SOURCE**
Осы өнім үшін кіріс көзін таңдаңыз.
- ⑤ **Дыбыс деңгейі +/-**
Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- ⑥ **NFC тегі**
Bluetooth қосылымы үшін тегтері NFC-қосылған құрылғыны түртіңіз.

Қашықтан басқару пульті

Бұл бөлімде қашықтан басқару құралына шолу жасалады.



- ① **⏻ (Күту режимі қосылды)**
 - Негізгі құрылғыны қосу немесе күту режиміне өткізу.
- ② **Негізді ашу түймелері**

AUDIO IN: Аудио көзін 3,5mm ұясы бар сыртқы құрылғының (мысалы, MP3) қосылымына ауыстырыңыз.

AUX: Аудио көзін қызыл/ақ ұялары бар сыртқы құрылғының қосылымына ауыстырыңыз.

OPTICAL: Дыбыс көзін оптикалық қосылымға ауыстыру.

HDMI IN: көзді HDMI IN қосылымына ауыстыру.

ⓑ : Bluetooth режиміне ауыстыру; ағымдағы Bluetooth қосылымын тоқтату үшін үш секунд басып тұрыңыз.

HDMI ARC: көзді HDMI ARC қосылымына ауыстыру.

- ③ **⏮ / ⏭**

USB режимінде және Bluetooth режимінде алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу (тек AVRCP қолдайтын Bluetooth құрылғыларында).
- ④ **⏸**
 - USB режимінде және Bluetooth режимінде ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру (тек AVRCP қолдайтын Bluetooth құрылғыларында) үшін басыңыз.
 - USB режиміне өту үшін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.
- ⑤ **BASS +/-**

Бассты көбейту немесе азайту.
- ⑥ **Дауыс реттеуші**
 - +/-: Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
 - 🗣 : Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
- ⑦ **SOUND**

Дыбыс режимін таңдау.
- ⑧ **AUDIO SYNC +/-**

Дыбыс кідірісін көбейту немесе азайту.
- ⑨ **Динамикті реттеу түймелері**

VOL: Динамиктерге арналған дыбысты реттеу режимін енгізіңіз.

DELAY: Динамиктерге арналған аралықты реттеу режимін енгізіңіз.
- ⑩ **DIM / EXIT SETTINGS**
 - Осы өнім үшін дисплей тақтасының жарықтығын орнату.
 - Динамикті реттеу режимінен шығыңыз.

11 NIGHT


- Түн режимін қосу немесе өшіру.
- USB құрылғысынан ойнату барысында ойнату режимін таңдау үшін басыңыз.

12 TREBLE +/-

Жоғарғы дыбыс жиілігін көбейту немесе азайту.

Қосқыштар

Бұл бөлімде осы өнімде қол жетімді қосқыштарға шолу жасалады.



1 HDMI IN

Сандық құрылғыдағы HDMI шығыс ұясына жалғау.

2 TO TV - HDMI OUT (ARC)

Теледидардағы HDMI (ARC) кірісіне жалғау.

3 FRONT SPEAKER L/R

Алдыңғы динамиктерге қосыңыз.

4 SERVICE (USB)

- Аудио мультимедиасын ойнату үшін USB жад құрылғысына қосыңыз.
- Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту.

5 DC IN

Қуат көзіне жалғау.

6 OPTICAL IN


Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы оптикалық дыбыс шығу ұясына жалғау.

7 AUDIO IN

3,5mm ұясы (мысалы, MP3 ойнатқышы) немесе қызыл/ақ аудио ұялары бар сыртқы құрылғының аудио кірісі.

Сымсыз сабвуфер

Бұл өніммен бірге сымсыз сабвуфер беріледі.



1 PAIRING (жұптау)

Сабвуфердің жұптау режимін енгізу үшін басыңыз.

2 Сабвуфер көрсеткіші


- Қуат қосылған кезде, көрсеткіш жанады.
- Сабвуфер мен негізгі құрылғы арасында сымсыз жұптау кезінде көрсеткіш ақ болып жылдам жыпылықтайды.
- Жұптау сәтті аяқталғанда, көрсеткіш ақ болып жанады.
- Жұптау сәтсіз болғанда, көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.
- Сымсыз байланыс 1 минутқа ажыратылғанда индикатор өшеді.

3 AC MAINS~

Қуат көзіне жалғау.

Сымсыз қорап (қабылдағыш)

Артқы динамиктер негізгі құрылғымен сымсыз жұмыс істеуі үшін өнім сымсыз модеммен (қабылдағыш) бірге беріледі.



① AC MAINS

Қуат көзіне жалғау.

② PAIRING (жұптау)

Артқы динамиктер мен негізгі құрылғы үшін жұптау режиміне кіру мақсатында басыңыз.

③ Сымсыз қосылым көрсеткіші

- Артқы динамиктер мен негізгі құрылғы арасында сымсыз жұптау кезінде көрсеткіш жылдам жыпылықтайды.
- Жұптау сәтті аяқталғанда көрсеткіш жанады.
- Жұптау сәтсіз болғанда көрсеткіш баяу жыпылықтайды.

④ Артқы динамик қосқыштары

Артқы динамиктерге қосылыңыз.

3 Қосылу және параметрлерді орнату

Бұл бөлім осы өнімді теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға, одан кейін оны орнатуға көмектеседі.

Бұл өнім мен қосалқы құралдардың негізгі қосылымдары туралы ақпарат алу үшін жылдам бастау нұсқаулығын қараңыз.




Ескертпе

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы түр тақтасында көріңіз.
- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.

Динамиктерді орналастыру

Динамиктің орны көлемдік дыбыс әсерін орнатуда маңызды рөл ойнайды. Ең жақсы әсер үшін барлық динамиктерді отыратын орынға қарай орналастырыңыз және құлақ деңгейіне (отырғандағы) жақын орнатыңыз.



Ескертпе

- Көлемдік дыбыс бөлме пішіні және өлшемі, қабырға мен төбе түрі, терезелер мен шағылыстыратын беттер және динамик акустикасы сияқты факторларға байланысты. Оңтайлы параметрді табу үшін динамик орындарымен тәжірибелер өткізіңіз.

Динамиктерді орналастыру үшін мына жалпы нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Отырған орын:
Бұл тыңдау аймағының ортасы.
- 2 **Негізгі құрылғы** (орталық динамик ретінде жұмыс істеу):
Негізгі құрылғыны тікелей отырған орынға қарсы, теледидардан жоғары немесе төмен орнатыңыз.
- 3 **FRONT SPEAKER L** (алдыңғы сол жақ) және **FRONT SPEAKER R** (алдыңғы оң жақ) динамиктер:
Сол жақ және оң жақ динамиктерді алдында, негізгі құрылғыдан бірдей қашықтықта орнатыңыз. Сол жақ, оң жақ және негізгі құрылғы отырған орыннан бірдей қашықтықта екенін тексеріңіз.

- 4 **REAR SPEAKER L** (артқы сол жақ) және **REAR SPEAKER R** (артқы оң жақ) динамиктер:

Артқы көлемдік динамиктерді отырған орынның сол жағына және оң жағына, онымен бір қатарға немесе оның артында қойыңыз.

- 5 **SUBWOOFER** (сабвуфер)

Сабвуферді теледидардан кемінде бір метр солға немесе оңға орнатыңыз. Қабырғадан шамамен 10 сантиметр бос аралық қалдырыңыз.

- 6 **Сымсыз модем (қабылдағыш):**

Кабель арқылы оңай қосу үшін сымсыз модемді артқы динамиктердің арасына қойыңыз.

Артқы динамиктермен жұптау

Артқы динамиктерді негізгі құрылғымен сымсыз жұмыс істеуі үшін реттеніңіз. Негізгі құрылғы мен сымсыз модемді қосқанда сымсыз қосылым үшін артқы динамиктер негізгі құрылғымен автоматты түрде жұптасады.

Қажетті әрекеттер

- Артқы динамиктерді қолдау көрсетілетін сымсыз модемге қосыңыз (сол және оң динамиктер сымсыз модемдегі қосқыштарға сәйкес келетінін тексеріңіз).
- Қуатты қосу үшін сымсыз модемді айналымы ток қуатына қосыңыз.

Егер артқы динамиктерден дыбыс естілмесе, жұптастыру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

- 1 Жұптау режимін енгізу үшін сымсыз модемдегі **PAIRING** (ЖҰПТАУ) түймесін басыңыз.
→ Сымсыз модемдегі ақ ЖШД жылдам жапылықтайды.
- 2 **OPTICAL** режимінде (**OPTICAL** түймесін басыңыз) қашықтан басқару

құралында алты секунд ішінде **Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, одан кейін **BASS +** түймесін басып тұрыңыз.

➡ Егер сәтті жұпталса, сымсыз модемдегі ақ ЖШД жанады.

➡ Егер сәтсіз жұпталса, сымсыз модемдегі ақ ЖШД баяу жыпылықтайды.

- 3 Жұптау сәтсіз болса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Сабвуфермен жұптау

Негізгі құрылғы мен сабвуферді қосқанда сымсыз қосылым үшін сымсыз сабвуфер негізгі құрылғымен автоматты түрде жұптасады.

Егер сымсыз сабвуферден дыбыс естілмесе, жұптастыру үшін төмендегілерді орындаңыз.

- 1 Негізгі құрылғы мен сабвуферді қосыңыз.
 - ➡ Егер негізгі құрылғымен байланыс үзілсе, сабвуфердегі ақ ЖШД баяу жыпылықтайды.

- 2 Жұптастыру режиміне өту үшін сабвуфердегі **PAIRING (ЖҰПТАУ)** түймесін басыңыз.
 - ➡ Сабвуфердегі ақ ЖШД жылдам жыпылықтайды.

- 3 **OPTICAL** режимінде (**OPTICAL** түймесін басыңыз) қашықтан басқару құралында алты секунд ішінде **Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, одан кейін **BASS +** түймесін басып тұрыңыз.
 - ➡ Егер сәтті жұптастырылса, сабвуфердегі ақ ЖШД жанады.
 - ➡ Егер жұптаса алмаса, сабвуфердегі ақ ЖШД баяу жыпылықтайды.

- 4 Жұптау сәтсіз болса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.


Теледидарға жалғау

Бұл өнімді теледидарға қосыңыз. Бұл өнімнің динамиктері арқылы теледидар бағдарламаларының аудиосын тыңдауыңызға болады.

Теледидарға HDMI (ARC) арқылы қосылу

Ең жақсы сапалы дыбыс

Бұл өнім Дыбысты қайтару арнасы (ARC) мүмкіндігі бар HDMI көзін қолдайды. Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болса, бір HDMI кабелін пайдаланып, теледидар дыбысын осы өнім арқылы естіуіңізге болады.



- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, осы өнімдегі **HDMI OUT (ARC)** қосқышын теледидардағы **HDMI ARC** қосқышына қосыңыз.
 - Теледидардың **HDMI ARC** қосқышының белгісі басқа болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- 2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.



Ескертпе

- Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болмаса, теледидар дыбысын осы өнім арқылы есту үшін аудио кабельді жалғаңыз.
- Теледидардың DVI қосқышы бар болса, теледидарға қосылу үшін HDMI/DVI адаптерін пайдалануға болады. Бірақ, кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

Сандық құрылғыларды HDMI арқылы жалғау

Телеприставка, DVD/Blu-ray ойнатқышы немесе ойын консолі сияқты сандық құрылғыны осы өнімге бір HDMI жалғау жүйесі арқылы қосыңыз. Құрылғыларды осылайша жалғағанда және файлды немесе ойынды ойнатқанда,

- теледидарда бейне көрсетіледі және
- бұл өнімде дыбыс автоматты түрде шығады.

1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып сандық құрылғыдағы **HDMI OUT** қосқышын осы өнімдегі **HDMI IN** қосқышына қосыңыз.

2 Бұл өнімді теледидарға **HDMI OUT (ARC)** арқылы жалғаңыз.

- Егер ТД HDMI CEC үйлесімді болмаса, теледидарды дұрыс бейне кірісін таңдаңыз.

3 Жалғанған құрылғыда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтер алу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу

Бұл өнімнің динамиктері арқылы теледидар немесе басқа құрылғылардың дыбысын ойнатыңыз.

Бұл өнімде, теледидарда және басқа құрылғыларда қол жетімді ең жақсы сапалы қосылымды пайдаланыңыз.




Ескертпе

- Бұл өнім мен теледидар **HDMI ARC** арқылы қосылған кезде, дыбыстық қосылым қажет емес.

1-параметр: Дыбысты сандық оптикалық кабель арқылы қосу


Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1** Оптикалық кабельді пайдаланып осы өнімдегі **OPTICAL IN** қосқышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** қосқышына қосыңыз.
- Сандық қосқышта **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** белгісі болуы мүмкін.

2-параметр: дыбысты аналогтық дыбыстық кабельдер арқылы қосу

Қарапайым сапалы дыбыс



- 1** Осы өнімдегі **AUDIO IN** (3,5 мм ұя) қосқыштарын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **AUDIO OUT** қосқыштарына (қызыл және ақ) аналогты кабельді пайдаланып жалғаңыз.

- 2 AUX режиміне ауысу үшін қашықтан басқару құралында **AUX** түймесін басыңыз.

Динамиктерді орнату

Бапталған көлемдік дыбысты алу үшін динамиктер параметрлерін қолмен орнатыңыз.

Бастау алдында

Қысқаша іске қосу нұсқаулығында сипатталған қажетті қосылымдарды орындаңыз.

Динамик аралығын реттеу

Сымсыз қосылым дыбыс кідірісін шақырады. Аудио шығысын алдыңғы динамиктер, артқы динамиктер мен сабвуфер арасында синхрондау үшін динамик аралығын реттеңіз.

- 1 Реттеу режимін енгізу үшін **DELAY** түймесін басыңыз.
 - ↳ Дисплей панелі **DELAY ADJ** (кідірісті реттеу) белгішесін айналдырады.
 - Реттеу режимінен шығу үшін **EXIT SETTINGS** түймесін басыңыз немесе ешқандай әрекет орындалмаса, түймені 3 секунд басыңыз.
- 2 Аралық реттеуіне динамикті таңдау үшін **DELAY** түймесін қайта басыңыз.
- 3 Таңдалған динамиктің аралығын реттеу үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.
 - Реттеу режимінен сақтаусыз шығу үшін **EXIT SETTINGS** түймесін басыңыз немесе ешқандай әрекет орындалмаса, түймені 3 секунд басыңыз.
- 4 Басқа динамиктердің аралығын реттеу үшін 2-ші және 3-ші қадамды қайталаңыз.
- 5 Реттеу аяқталғаннан кейін шығу үшін **EXIT SETTINGS** түймесін басыңыз.
 - ↳ Мән сақталып, қолданылады.

Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу

Динамиктің дыбыс деңгейін оңтайлы көлемдік дыбысқа реттеңіз.

- 1 Реттеу режимін енгізу үшін **VOL** түймесін басыңыз.
 - ↳ Дисплей панелі **SPKR VOL** (динамиктің дыбыс деңгейі) белгішесін айналдырады.
 - Реттеу режимінен шығу үшін **EXIT SETTINGS** түймесін басыңыз немесе ешқандай әрекет орындалмаса, түймені 3 секунд басыңыз.
- 2 Динамиктерден сынақ дыбысын ойнату үшін **VOL** түймесін басыңыз.
- 3 Содан соң, дыбыс деңгейін реттейтін динамикті таңдау үшін **VOL** түймесін басыңыз.
- 4 Таңдалған динамиктің дыбыс деңгейін реттеу үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.
 - Реттеу режимінен сақтаусыз шығу үшін **EXIT SETTINGS** түймесін басыңыз немесе ешқандай әрекет орындалмаса, түймені 3 секунд басыңыз.
- 5 Басқа динамиктердің дыбыс деңгейін реттеу үшін 3-ші және 4-ші қадамды қайталаңыз.
- 6 Реттеу аяқталғаннан кейін шығу үшін **EXIT SETTINGS** түймесін басыңыз.
 - ↳ Мән сақталып, қолданылады.

4 Өніміңізді пайдалану

Бұл бөлім қосылған құрылғылардан дыбысты ойнату үшін осы өнімнен пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқа бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз.
- Бұл өнімді басқа құрылғыларға арналған дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты өшіру үшін, **⏏** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты қалпына келтіру үшін, **⏏** түймесін қайтадан басыңыз немесе **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.

Дыбысты таңдау

Бұл бөлім бейне немесе музыка үшін тамаша дыбысты таңдауға көмектеседі.

Дыбыс режимі

Бейнеге немесе музыкаға сай алдын ала анықталған дыбыс режимдерін таңдаңыз.

- 1 Дисплей панелінен дыбыс опциясын таңдау үшін **SOUND** түймесін басыңыз.
 - **AUTO**: дыбыс ағынына негізделіп дыбыс параметрін автоматты түрде таңдау.

- **M-CN**: көп арналы көлемдік дыбыс тыңдау параметрін жасау. Фильм көруге ыңғайлы.
- **PARTY**: кеңейтілген стерео дыбысын жасау. Кеш музыкасы үшін тамаша.
- **STEREO**: екі арналы стерео дыбысын жасау. Музыканы тыңдау үшін тамаша.

Эквалайзер

Бұл өнімнің жоғарғы жиілік (жоғарғы дыбыс жиілігі) және төменгі жиілік (басс) параметрлерін өзгертіңіз.

- 1 Жиілікті өзгерту үшін **TREBLE +/-** немесе **BASS +/-** түймесін басыңыз.

Бейне мен дыбысты синхрондау

Егер дыбыс пен бейне синхрондалмаған болса, дыбысты бейнеге сай болатындай кідіртңіз.

- 1 Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

Түн режимі

Ақырын тыңдау үшін түнгі режим дыбыс ойнатылған кезде қатты дыбыстардың деңгейін төмендетеді. Түн режимі тек Dolby Digital динамиктері үшін қол жетімді.

- 1 Түн режимін қосу немесе өшіру үшін **NIGHT** түймесін басыңыз.
 - Түн режимі қосылғанда дисплейде **ON NIGHT** (түн қосулы) белгішесі дисплей панелінде бір рет айналады.
 - Түн режимі өшірілгенде дисплейде **OFF NIGHT** (түн өшірулі) белгішесі дисплей панелінде бір рет айналады.

USB жад құрылғылары

MP3 ойнатқышы және USB флэш жады, т.б. сияқты USB сақтау құрылғысындағы дыбысты тыңдаңыз.



Кеңес

- USB құрылғысын осы өнімде ойната алмасаңыз, өнімді www.philips.com/support торабында ұсынылған ең соңғы бағдарламалық жасақтамамен жаңартыңыз.

Қажетті әрекеттер

- FAT немесе NTFS файлдық жүйелерімен пішімделген және көлемдік жад сыныбына үйлесімді USB жад құрылғысы
- USB сақтау құрылғысындағы MP3 файлы.

1 USB жад құрылғысын осы өнімнің **SERVICE (USB)** қосқышына қосыңыз.

2 Қашықтан басқару құралындағы ►► түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.

↳ Бұл өнім USB режиміне ауысады.

3 Ойнатуды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

- Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру үшін ►► түймесін басыңыз.
- Алдыңғы немесе келесі жолға өту үшін ◀/▶ түймесін басыңыз.
- USB құрылғысынан ойнату барысында ауыстырып қосу үшін (бір қалтадағы барлық жолдарды қайталап, қайталауды ажырату) **NIGHT** түймесін басыңыз.
 - Қайталау режимі қосылғанда, дисплейде **ALL RPT** белгішесі бір рет айналады.
 - Қайталау режимі өшірілгенде, дисплейде **OFF RPT** белгішесі бір рет айналады.



Ескертпе

- Егер USB сақтау құрылғысында үлкен мультимедиялық кітапхана болса, ол мазмұндарды жүктеу шамалы уақыт алуы мүмкін.
- Бұл өнім USB сақтау құрылғысының белгілі бір түрлерімен үйлесімді болмауы мүмкін.
- USB ұзарту кабелін пайдалансаңыз, USB хабы немесе USB мульті оқу құрылғысы, USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Сандық камераның PTP және MTP протоколдарына қолдау көрсетілмейді.
- USB сақтау құрылғысы оқылып жатқанда, оны шығарып алмаңыз.
- USB портын қолдау: 5 В — 500 мА.

MP3 ойнатқышы

Дыбыстық файлдарды немесе музыканы ойнату үшін MP3 ойнатқышын қосыңыз.

Қажетті әрекеттер

- MP3 ойнатқышы.
- 3,5 мм стерео дыбыстық кабелі.

1 3,5 мм стерео дыбыстық кабелін пайдаланып MP3 ойнатқышын осы өнімдегі **AUDIO IN** қосқышына қосыңыз.

2 **AUDIO IN** түймесін басыңыз.

3 Дыбыстық файлдарды немесе музыканы таңдау және ойнату үшін MP3 ойнатқышындағы түймелерді басыңыз.

- MP3 ойнатқышында дыбыс деңгейін ең жоғарғы 80% дыбыс деңгейі ауқымында орнату ұсынылады.

Музыканы Bluetooth арқылы ойнату

Bluetooth арқылы өніміңізді Bluetooth құрылғысымен (iPad, iPhone, сенсорлы iPod, Android телефоны немесе ноутбук сияқты) қосыңыз, сонда құрылғыда сақталған дыбыстық файлдарды осы өнімнің динамиктері арқылы тыңдай аласыз.

Қажетті әрекеттер

- A2DP Bluetooth профилін қолдайтын және 4.1 Bluetooth нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- Негізгі құрылғы мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр.

1 Бұл өнімді Bluetooth режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралындағы **8** түймесін басыңыз.

↳ **BT** дисплей панелінде жыпылықтап көрсетіледі.

2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth қызметін қосыңыз, қосылымды бастау үшін іздеп, **Philips CSS5530** параметрін таңдаңыз (Bluetooth қызметін қосу жолы туралы Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).

- Алғаш рет қосқанда кейбір мобильді құрылғыларда жұптау туралы сұрау хабары пайда болады, қосылымды орнату үшін «YES» (Иә) жауабын таңдаңыз.

↳ Қосылу барысында дисплей панеліндегі **BT** жыпылықтайды.

3 Осы өнім дыбыстық сигнал шығарғанша күтіңіз.

↳ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** көрсетіледі.

↳ Қосылым сәтсіз орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** үздіксіз жыпылықтайды.

4 Bluetooth құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.

- Ойнату кезінде қоңырау қабылданса, музыка ойнату уақытша тоқтатылады.
- Егер Bluetooth құрылғысы AVRCP профилін қолдайтын болса, әуенді өткізу үшін қашықтан басқару құралындағы **14** / **15** түймесін басыңыз немесе ойнатуды уақытша

тоқтату/жалғастыру үшін **14** / **15** түймесін басыңыз.

5 Bluetooth құрылғысынан шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.

- Bluetooth режиміне қайта ауысқанда Bluetooth қосылымы белсенді болып қалады.



Ескертпе

- Музыка ағыны құрылғы мен осы өнім арасындағы қабырға, құрылғыны жабатын металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін жақын жердегі басқа құрылғылар сияқты кедергілерден үзілуі мүмкін.
- Бұл өнімді басқа Bluetooth құрылғысымен қосқыңыз келсе, ағымдағы Bluetooth қосылымын тоқтату үшін қашықтан басқару құралындағы **8** түймесін басып тұрыңыз.

NFC арқылы Bluetooth қосы

NFC (жақын арадағы байланыс) мобильді телефондары сияқты NFC-қосылған құрылғылары арасындағы қысқа ауқымды сымсыз байланысты іске қосатын технология болып табылады.

Қажетті әрекеттер

- NFC функциясы бар Bluetooth құрылғысы.
- Жұптастыру үшін осы өнімнің **NFC** тегіндегі NFC құрылғысын түртіңіз.

1 Bluetooth құрылғысындағы NFC іске қосыңыз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

2 NFC құрылғысын осы өнімнің **NFC** тегіне осы өнім дыбыстық сигнал шығарғанша тигізіңіз.

- Алғаш рет қосқанда кейбір мобильді құрылғыларда жұптау туралы сұрау хабары пайда болады, қосылымды орнату үшін «YES» (Иә) жауабын таңдаңыз.

- ↳ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** көрсетіледі.
- ↳ Қосылым сәтсіз орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** үздіксіз жыпылықтайды.

- 3** NFC құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.
- Қосылымды үзу үшін осы өнімдегі **NFC** тегіне NFC құрылғысын қайта тигізіңіз.

Автоматты күту режимі

Жалғанған құрылғыдағы мультимедианы ойнатқанда, 15 минут бойы ешбір түйме басылмаса және жалғанған құрылғыдан дыбыс/бейне ойнатылмаса, бұл өнім күту режиміне автоматты түрде өтеді.

Зауыттық параметрлерді қолдану

Бұл өнімді зауытта бағдарламаланған әдепкі параметрлерге қалпына келтіре аласыз.

- 1** AUX режимінде қашықтан басқару құралындағы **Дыбыс деңгейі** -, **BASS** - және **TREBLE** - түймелерін кезекпен үш секунд ішінде басыңыз.
- ↳ Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру аяқталған кезде бұл өнім автоматты түрде өшеді және қайта іске қосылады.

5 Бағдарламалық құралды жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктерді және қолдауды алу үшін бұл өнімді соңғы бағдарламамен жаңартыңыз.

Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру

HDMI ARC көзінде қашықтан басқару құралындағы **TREBLE** -, **BASS** - және **Дыбыс деңгейі** - түймелерін кезекпен үш секунд ішінде басыңыз.

- ↳ Бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірі дисплей панелінде көрсетіледі.

Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту



Ескерту

- Бағдарламалық құралды жаңарту орындалып жатқанда қуатты өшірмеңіз немесе USB флэш дискісін шығарып алмаңыз, себебі осы өнімді зақымдауыңыз мүмкін.

- 1** Ең соңғы бағдарламалық құрал нұсқасын www.philips.com/support бетінен тексеріңіз.
- Үлгіні іздеп, «Бағдарламалық құрал мен драйверлер» санатын басыңыз.
- 2** Бағдарламалық құралды USB флэш дискісіне жүктеп алыңыз.
- ①** Егер файл мұрағатталған болса, мұрағаттан шығарып, мұрағаттан шығарылған файлда келесі екі файл

бар екенін тексеріңіз: «CSS5530.bin» және «RPT5530.bin» (бар болса).

- ② USB флэш дискісінің түбірлік каталогына екі файлды («CSS5530.bin» және «RPT5530.bin» (бар болса)) қойыңыз.

3 USB флэш дискісін осы өнімнің **SERVICE (USB)** қосқышына қосыңыз.

4 Бұл өнімді HDMI ARC көзіне ауыстырыңыз (**HDMI ARC** түймесін басыңыз).

5 6 секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы **🔊** түймесін екі рет, одан кейін **Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, одан кейін **SOUND** түймесін басып тұрыңыз.

↳ Одан кейін, дисплей панелінде «UPG» (жаңарту) жыпылықтайды.

↳ USB флэш дискісі қосылмаса немесе жарамсыз жаңарту файлы табылса, дисплей панелінде «ERROR» (қате) көрсетіледі.

6 Жаңартуды бастау үшін қашықтан басқару құралындағы **🔊** пернесін басыңыз.

7 Жаңарту аяқталғанша күтіңіз.

↳ Жаңарту аяқталса, бұл өнім автоматты түрде өшеді және қайтадан қосылады.



Ескертпе

- Жаңартуға шамамен 3 минут уақыт кетуі мүмкін.

6 Қабырғаға орнату

Бұл өнімді қабырғаға орнатпастан бұрын барлық қауіпсіздік сақтандыруларын оқып шығыңыз.




Ескертпе

- Қабырғаға дұрыс емес орнату сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Қандай да бір сұрағыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Қабырға кронштейнін өнім мен қабырға кронштейнінің салмағын ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыңыз.

Бұранда ұзындығы/диаметрі

Осы өнімге жарамды қабырға түріне байланысты міндетті түрде ұзындығы мен диаметрі сәйкес келетін бұрандаларды пайдаланыңыз.



Бұл өнімді қабырғаға орнату жолын қысқаша бастау нұсқаулығындағы суреттен қараңыз.

Алдыңғы және артқы динамиктерді бекіту

- Бірге берілетін қабырға кронштейні арқылы қабырғада екі саңылауды белгілеп, екі саңылау көрсетілгендей қабырғаға екі үйлесімді бұранданы бекітіңіз.
- Бірге берілетін қабырға кронштейнін динамикке бекітіңіз.
- Динамикті қабырғаға бекітілген бұрандаларға іліңіз.

7 Өнім сипаттамалары

Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар және дизайн ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Күшейткіш

- Жалпы шығыс қуаты:
420 Вт ОКМ (+/- 0,5 дБ, 10% THD)
- Жиілік жауабы: 20 Гц-20 кГц / ± 3 дБ
- Сигнал-шу қатынасы:
> 65 дБ (CCIR) / (А-өлшенген)
- Кіріс сезімталдық:
 - AUX: 500 мВ
 - AUDIO IN: 200 мВ

Дыбыс

- S/PDIF сандық дыбыс кірісі:
 - Оптикалық: TOSLINK

USB

- Үйлесімділік: Hi-Speed USB (2.0)
- Сынып қолдауы: USB Mass Storage Class (MSC)
- Файлдық жүйе: FAT16, FAT32, NTFS
- MP3 файл пішімін қолдайды
- Іріктеу жиілігі:
 - MP3: 8 кГц, 11 кГц, 12 кГц, 16 кГц, 22 кГц, 24 кГц, 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Тұрақты сандық ағын:
 - MP3: 8 кб/сек-320 кб/сек

Bluetooth

- Bluetooth профайлдары: A2DP
- Bluetooth нұсқасы: 4.1

Негізгі бөлік

- Қуаттың қамтамасыз етілуі:
 - Үлгі (Philips маркалы айнымалы ток қуат адаптері): DYS602-210309W; AS650-210-AA309
 - Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц, 1,5 А
 - Шығыс: 21В $\approx$, 3,09А
- Күту режиміндегі қуат тұтынуы: $\leq 0,5$ Вт
- Өлшемдері (Е x Б x Т):
580 x 51,5 x 98 мм
- Салмағы: 1,2 кг
- Кірістірілген динамиктер
 - 2 x орташа ауқымы
(90 мм/3,5" x 34 мм/1,3", 8 Ом)
 - 1 x твитер (25,4 мм/1", 8 Ом)

Алдыңғы/Артқы динамиктер

- Динамик драйверлері:
 - 2 x артташа ауқымы
(63,5 мм/2,5", 10 Ом)
 - 1 x твитер (25,4 мм/1", 8 Ом)
- Өлшемдері (Е x Б x Т):
110 x 301 x 110 мм
- Салмағы: әрқайсысы 1,3 кг
- Кабель ұзындығы: әрқайсысы 5 м

Сабвуфер

- Қуат көзі: 220-240 В~, 50-60 Гц
- Қуатты тұтынуы: 60 Вт
- Күту режиміндегі қуат тұтынуы: $\leq 0,5$ Вт
- Кедергі: 3 ом
- Динамик драйверлері:
1 x 165 мм (6,5") вуфер
- Өлшемдері (Е x Б x Т):
228 x 406 x 265 мм
- Салмағы: 5,7 кг

Сымсыз модем/қабылдағыш

- Қуат көзі: 110-240 В~, 50-60 Гц
- Қуатты тұтынуы: 20 Вт
- Күту режиміндегі қуат тұтынуы: $\leq 0,5$ Вт

- Өлшемдері (Е x Б x Т):
150 x 44,5 x 126 мм
- Салмағы: 0,4 кг

Қашықтан басқару құралының батареялары

- 1 x AAA-R03-1,5 В

Күту режимінде қуатты басқару

- 15 минут бойы әрекетсіз тұрса, өнім күту режиміне немесе желілік күту режиміне автоматты түрде ауысады.
- Күту режиміндегі немесе желілік күту режиміндегі қуатты тұтыну 0,5 Вт-тан азырақ болады.
- Bluetooth қосылымын өшіру үшін қашықтан басқару құралында Bluetooth түймесін басып тұрыңыз.
- Bluetooth қосылымын белсендіру үшін Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth қосылымын белсендіріңіз немесе Bluetooth қосылымын NFC тегі (бар болса) арқылы қосыңыз.

8 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Ток соғу қаупі. Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Егер осы өнімді пайдалануды мәселелер бар болса, қызметті сұрау алдында мыналарды тексеріңіз. Егер мәселе әлі бар болса, www.philips.com/support бетінде қолдау алыңыз.

Негізгі бөлік

Бұл өнімдегі түймелер жұмыс істемейді.

- Бұл өнімді қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратып, қайтадан қосыңыз.

Дыбыс

Бұл өнімнің динамиктерінде дыбыс шықпады.

- Бұл өнімдегі аудио кабельді теледидар немесе басқа құрылғыларға қосыңыз. Бірақ, мына жағдайда бөлек дыбыстық қосылым қажет емес:
 - Бұл өнім мен теледидар **HDMI ARC** қосылымы арқылы қосылған немесе
 - құрылғы осы өнімдегі **HDMI IN** қосқышына қосылған.
- Бұл өнімді зауыттық параметрлеріне қалпына келтіріңіз.
- Қашықтан басқару құралында дұрыс дыбыс кірісін таңдаңыз.
- Бұл өнімнің дыбысы өшірілгендігін тексеріңіз.

Сымсыз сабвуферден ешқандай дыбыс жоқ.

- Сабвуферді негізгі құрылғыға сымсыз түрде қосыңыз.

Артқы динамиктерден дыбыс естілмейді.

- Артқы динамиктерді реттеп, артқы динамиктерді негізгі құрылғыға сымсыз қосыңыз.

Бұрмаланған дыбыс немесе жаңғырық.

- Бұл өнім арқылы теледидардан дыбыс ойнатсаңыз, теледидар дыбысын өшіріңіз.

Дыбыс пен бейне синхрондалмаған.

- Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

Bluetooth

Құрылғыны осы өніммен қосу мүмкін емес.

- Құрылғы осы өнімге қажетті үйлесімді профайлдарды қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясын қоспағансыз. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Құрылғы дұрыс қосылмаған. Құрылғыны дұрыстап қосыңыз.
- Бұл өнім басқа бір Bluetooth құрылғысына әлдеқашан қосылған. Қосылған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысынан дыбыс ойнату сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын жылжытыңыз немесе құрылғы мен осы өнім арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысы тұрақты түрде қосылады және ажыратылады.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын жылжытыңыз немесе құрылғы мен осы өнім арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Кедергіні болдырмау үшін Bluetooth құрылғысындағы Wi-Fi функциясын өшіріңіз.

- Кейбір Bluetooth үшін қуатты үнемдеу мақсатында Bluetooth қосылымын автоматты түрде ажыратуға болады. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

NFC

Құрылғыны NFC арқылы осы өніммен қосу мүмкін емес.

- Құрылғыға NFC тарапынан қолдау көрсетілгендігін тексеріңіз.
- NFC құрылғыда іске қосылғандығын тексеріңіз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- Жұптастыру үшін осы өнімнің **NFC** тегіндегі NFC құрылғысын түртіңіз.



Manufactured under license from Dolby Laboratories. Dolby, Pro Logic, and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Gibson Innovations Limited is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.




The N Mark is a trademark or registered trademark of NFC Forum, Inc. in the United States and in other countries.

Кассалық және тауарлық
чектердің жапсыру орны

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы*

Модель:	Толтырылуы міндетті
Сериялық нөмір:	Толтырылуы міндетті
Сату уақыты:	Толтырылуы міндетті
САТУШЫ:	
Сауда ұйымының атауы:	Толтырылуы міндетті
Сауда ұйымының телефоны:	Толтырылуы міндетті
Мекенжай және E-mail:	Толтырылуы міндетті



Құралды жарамды күйде, толық жыынтылықта, орыс тіліндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен алдым. Барлық техникалық сипаттамаларымен, атқарымдық мүмкіндіктерімен және пайдалану ережелерімен таныстым. Құрал қаралды және менің қатысуымен тексерілді, сапасы мен сыртқы түріне наразылықтар жоқ. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және кепілдемелік талонда көрсетілген барлық нұсқауды орындауға міндеттенемін және құралдың барлық пайдаланушыларымен орындалуына кепіл боламын. Кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

(Т.А.Ә және сатып алушының қолы)

Назар аударыңыз! Сатушы кепілдік талонды толық толтыруын талап етіңіз! Кепілдік талон қате немесе толтырылған жағдайда, сатушының мөрі және сатып алушының қолы қойылмаса жарамсыз болып табылады. Сатып алу туралы қассалық және тауарлық чектер осы кепілдік талонға жапсырылуы тиіс.
--

Кұрметті Сатып алушы!
Philips сауда белгісінің бұйымын сатып алғаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз!

Бұйымды сатып алу кезінде кепілдік талонның дұрыс толтырылғандығын тексеруімізді қадағалай отырамыз. Сіздің сатып алған бұйымның, яғни сериялық нөмірі және моделінің атауы кепілдік талондағы жазбамен сәйкес болуы тиіс. Талонға жазылған кепілдік мерзімі өткеннен кейін кепілдік талон қолдануға болмайды. Егер Сіз бұйымды сатып алғанда кепілдік талон қате немесе толық емес толтырылған, сонымен қатар чек кепілдік талонға жапсырылмаған жағдайда – сатушыға жеру барыңыз.

[illegible][illegible]

Кепілдіктің мерзімі және шарттары:

Бұйынның атауы	Кешілдімелік мерімі**	Қызметкөрсету мерімі**
Үй кинотеатры.	1 жыл	5 жыл
Стационарлық аудио-бейне жүйелері, ойнатқыштар, тасымалданатын және автоматтандырылған, автокөлік медиаторталықтар, күшейткіштер.	1 жыл	3 жыл
Портативті құрылғылар, тасымалданатын ойнатқыштар, компьютерлік периферия, автокөлік акустика, жеке қабылдаушы құрылғылар.	1 жыл	1 жыл

** егер беру уақытын анықтау мүмкін емес жағдайында, тұтынушыға тауарды беру уақытынан бастап есептеледі. Құралдың шығарылу уақытынан (XXXXXJJJXXXXXX, өсида АА – ЖА, ЖДҚ атап кеті, х – кез келген таңба) анықталатынын. Мысалы: A0021628123456 – шығарылған уақыты 2016 жылдың 28 тамызы. Шығарылған уақытын анықтау қажетіне сәйкес жасағандығын Аудитортұқ откізілгеніне хабарласатынын өтініз.

Бұл кәсіпкерлік тек халққа жетсе, жетілуіне, үй және басқа қажеттіліктеріне тікелей сатып алынған және қолданылатын толым идентификациялық ақпаратты қамтитын, кәсіпкерлік әрекетті жүзеге асырумен байланысты және мерзім аяқталған соң, профессиалық жетілуіне жетуға құқығы жоқ кәсіпкер, құрылым пайдалану жөніндегі кеңестермен тиісінше түшін аударылатын және құрылым құрастырылуына қатысты. Кәсіпкерлік қызмет көрсету заңнамасына сәйкес мерзім аяқталған сәйкес мерзім бойынша бақыластың келесі жағдайлары қамтамасызданды:

2. пайдалану жөнindeгі нұсқаулықта тиісті қолдану ережелерін сақтамау немесе дұрыс емес пайдалану;
3. пайдалану жөнindeгі нұсқаулықпен қарастырылғандар (етер оларды қолдану) құралдың істен шығуына әкелген жағдайында) түп нұсқалық емес ақсесорларды және/немесе шығын заттарын қолдану;
4. үшінші жақтан дұрыс ақсесорлар алуына;
5. үклетімі мен тектәулермен ақылғарлан жөнлеу жұмысы, оңдіруіне қайшы келетін құралдың немесе ссхема техникалық және бағдарламалық қолдану өлгерістер енгізу;
6. Мәліметтік Техникалық Стандарттардан (МС ТСтд) және қоректетуші, телекоммуникациялық және желілік сым желілер ауытушылықтары, құралды дұрыс емес орнату және қосу;
7. құралды тек көзіннен ажыратпайлапна (кес келген көме түрлері тоқ көзі баратын қосылатын құралдар) тауарлар ажыратылған күнінде ғана жүзеге асы қажет).
8. нәсірдемің күш сақталуына (анат. өткіз. нәсірдемің және т.с.с.).

Кепілдемелік, сонымен қатар, шығын заттары мен аксессуарларға, соның ішінде келесілерге шектелмейді: құлаққаптар, каптамалар, байланыс сым желілер, әйнектен бұйымдар, ауыспалы шамдар, бағарейкалар және аккумуляторлар, сақтау экрандары, қолдану метзімі шектелген басқа бөлшектер жатады.

РФ Қызмет көрсету орталықтары: Мәскеу қ., 1-ші Варшавский дан., 1а үй, 3-тін.; С. Петербург, Ланское ш., 65 үй. Сізге жақын орналасқан басқа қызмет көрсету орталықтары туралы толығырақ ақпаратты, олардың жұмыс уақыты, сонымен қоса, өнім туралы ақпаратты Сіз Ақпараттық Орталық келесі телефон нөмірі бойынша ала аласыз:

Мемлекет	Ресей	Беларусь	Қазақстан*
Телефон	8 800 200 0880 (РФ, соның ішінде ұялы телефондар арқылы қоңырау шалуға тегін), 8 (495) 961-1111	8 820 0011 0068 (БР аймағында , соның ішінде ұялы телефондар арқылы қоңырау шалуға тегін)	8 800 080 0123 Қазақстан аймағында , соның ішінде ұялы телефондар арқылы қоңырау шалуға тегін)
Веб-сайт	www.philips.ru	www.philips.by	www.philips.kz

Өндіріс құрылымына, сыртқы пішініне, жиынтығына, құралдың техникалық сипаттамаларына еш ескертусіз өзгерістер енгізуге өз құқығын қаттырады. Әдетте ақпарат өндірісін сайтында қол жетімді.

*Кепілдік талонның мәтінін қазақ тілінде алу үшін, Филлипс ақпараттық орталығына немесе www.philips.kz веб-сайтына хабарласыңыз.



Specifications are subject to change without notice

2016 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.

Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license.

CSS5530B/CSS5530G_12_UM_V2.0

